

АО «СК «Сентрас Иншуранс»	ПС-12 Правила обязательного страхования гражданско- правовой ответственности аудиторских организаций	Издание № 3 от «01» января 2019г.	Стр. 1 из 11
		Взамен издания № 2 от «17» июля 2018г.	



Утверждены решением
Совета директоров
АО «СК «Сентрас Иншуранс»
Протокол №49 от «26».11.2018 г.

Содержание

Раздел 1. Общие положения

Раздел 2. Основные понятия

Раздел 3. Субъекты страхования

Раздел 4. Страховой случай

Раздел 5. Договор обязательного страхования

Раздел 6. Содержание договора

Раздел 7. Страховые премии

Раздел 8. Срок и место действия Договора страхования

Раздел 9. Ответственность Договора страхования

Раздел 10. Подписание договора Договора страхования

Раздел 11. Права и обязанности сторон

Раздел 12. Порядок документального оформления и выплаты

Раздел 13. Порядок и условия осуществления выплат

Раздел 14. Срок действия договора и страховой суммы

Раздел 15. Ответственность страхователя

Раздел 16. Информационное взаимодействие

Раздел 17. Заключительные положения

ПС-12

Правила обязательного страхования гражданско-правовой ответственности аудиторских организаций АО «СК «Сентрас Иншуранс»

	Должность	Ф.И.О.	Подпись	Дата
Контроль	Комплаенс-контролер	Троценко Д.А.		23.11.2018

Виза	Должность	Ф.И.О.	Подпись	Дата
Согласовано	Директор Департамента страховых выплат	Былин А.А.		22.11.2018
Согласовано	Главный специалист 1 категории УПО ЮД	Нартаева Г.К.		23.11.2018
Согласовано	Заместитель Директора Департамента Андеррайтинга	Самойлова Т.В.		22.11.2018

	Должность	Ф.И.О.	Подпись	Дата
Разработал	Специалист 1 категории ОМ	Джумагулов Т.Э.		22.11.2018

«Сентрас Иншуранс» СК» АҚ	СЕ-12 Аудиторлық ұйымдардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру ережелері	2019ж.«01» қаңтардағы № 3 Басылым	10 беттің 2- беті
		2018ж.«14» шілдедегі №2 Басылымның орнына	

Мазмұны

1-бөлім. Жалпы ережелер	3
2-бөлім. Негізгі ұғымдар	3
3-бөлім. Сақтандыру объектісі	4
4-бөлім. Сақтандыру оқиғасы	4
5-бөлім. Сақтандыру шартын жасасу тәртібі	4
6-бөлім. Сақтандыру сомасы. Франшиза	5
7-бөлім. Сақтандыру сыйақысы	5
8-бөлім. Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі мен орны	5
9-бөлім. Сақтандыру шартын тоқтату талаптары	5
10-бөлім. Сақтандыру шартының жарамсыздығы.....	6
11-бөлім. Тараптардың құқықтары мен міндеттері	6
12-бөлім. Сақтандыру оқиғасының орын алғанын және залалдың мөлшерін растайтын құжаттардың тізбесі	8
13-бөлім. Сақтандыру төлемін жүзеге асырудың тәртібі мен шарттары.	8
14-бөлім. Сақтандыру төлемін төлеу немесе сақтандыру төлемінен бас тарту туралы шешім қабылдау мерзімі.....	9
15-бөлім. Сақтандырушыны сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босату негіздері.....	9
16-бөлім. Залал келтірген адамға кері талап қою құқығы.....	10
17-бөлім. Дауларды шешу тәртібі	10
20-бөлім. Ерекше талаптар	10

«Сентрас Иншуранс» СК» АҚ	СЕ-12 Аудиторлық ұйымдардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру ережелері	2019ж.«01» қаңтардағы № 3 Басылым	10 беттің 3- беті
		2018ж.«14» шілдедегі №2 Басылымның орнына	

1-бөлім. Жалпы ережелер

1.1. Аудиторлықұйымдардыңазаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандырудың осы Ережесі (бұдан әрі - Ереже) Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексіне, «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, «Аудиторлықұйымдардыңазаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі - Заң), сондай-ақ Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірленді.

1.2. Осы Ереженің (бұдан әрі – Ереже) талаптарына сәйкес бұдан әрі Сақтандырушы деп аталатын «Сентрас Иншуранс «Сақтандыру Компаниясы» Акционерлік қоғамыСақтанушыларменАудиторлықұйымдардыңазаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын (бұдан әрі – Шарт) жасасу арқылы аудиторлықұйымдардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыруды (бұдан әрі - аудиторлықұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыруды) жүзеге асырады.

1.3. Сақтанушының немесе оның өкілінің Шартқа қол қоюы оның осы Ережелер мен Шарттың талаптарымен толық келісетіндігінің растамасы болып табылады.

1.4. Шарт бойынша Сақтанушы сақтандыру сыйақысын төлеуге, ал Сақтандырушы Шартта көзделген сақтандыру оқиғасы орын алған кезде Сақтанушыға немесе Шарт пайдасына жасалған басқа тұлғаға (Пайда алушыға) Шартпен белгіленген сақтандыру сомасының шегінде сақтандыру төлемін төлеуге міндеттенеді.

1.5. Аудиторлықұйымдардыңжауапкершілігін міндетті сақтандырудың мақсаты аудиторлық ұйым аудит өткізген кездемүліктік залал келтірілген аудиттелетін субъектілердің мүліктік мүдделерін сақтандыру төлемдерін жасау арқылы қорғаныспен қамтамасыз ету болып табылады.

1.6. Аудиторлықұйымдардыңжауапкершілігін міндетті сақтандырудың негізгі қағидаттары:

1.6.1.жауапкершілігі аудиторлықұйымдардыңжауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты бойынша сақтандырылған аудиторлықұйымдардың қызметті жүзеге асыруы;

1.6.2.тараптардың аудиторлықұйымдардыңжауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты бойынша өз міндеттемелерін орындауын қамтамасыз ету.

2-бөлім.Негізгі ұғымдар

2.1. Осы Ережеде мынадай негізгі ұғымдар қолданылады:

2.1.1. Аудиттелетін субъект–аудиторлық ұйыммен аудит өткізуге шарт жасасқан заңды тұлға;

2.1.2. Пайда алушы - осы Ережеге сәйкес сақтандыру төлемін алушы болып табылатын тұлға;

2.1.3. Аудиторлықұйымныңазаматтық-құқықтық жауапкершілігі- Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленгенаудиторлықұйымның аудиттелетін субъектілерге аудит өткізу барысында келтірілген мүліктік залалды өтеу міндеті;

2.1.4. Сақтанушы - Сақтандырушымен сақтандыру шартын жасасқанаудиторлықұйым;

2.1.5. Сақтандыру төлемі - сақтандыру оқиғасы орын алған кезде Сақтандырушының Сақтанушыға (Пайда алушыға) сақтандыру сомасы шегінде төленетін ақшалай сома;

2.1.6. Сақтандыру сыйақысы - Сақтанушы Сақтандырушыға сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде Сақтанушыға (Пайда алушыға) сақтандыру төлемін жүргізуге міндеттемелер қабылдағаны үшін төлеуге міндетті ақшалай сома;

2.1.7. Сақтандыру сомасы - сақтандыру объектісі сақтандырылған және сақтандыру оқиғасыорын алған кезде Сақтандырушының жауапкершілігінің шекті көлемін білдіретін ақшалай сома;

2.1.8. Сақтандыру оқиғасы–орын алған жағдайда Шарт бойыншаСақтанушыға (Пайда алушыға)сақтандыру төлемінің жүзеге асырылуын көздейтін оқиға;

2.1.9. Сақтандыру омбудсманы - «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес сақтандыру нарығына қатысушылар арасындағы келіспеушіліктерді реттеуді жүзеге асыратын өз қызметінде тәуелсіз жеке тұлға;

2.1.10. Сақтандырушы - сақтандыру ұйымы ретінде тіркелген және сақтандыру қызметімен айналысу құқығына лицензиясы бар, сақтандыру оқиғасы орын алған жағдайда Сақтанушыға

«Сентрас Иншуранс» СК» АҚ	СЕ-12 Аудиторлық ұйымдардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру ережелері	2019ж.«01» қаңтардағы № 3 Басылым	10 беттің 4- беті
		2018ж.«14» шілдедегі №2 Басылымның орнына	

немесе Шарт пайдасына жасалған басқа тұлғаға (Пайда алушыға) Шартта белгіленген сома шегінде сақтандыру төлемін жасауға міндетті заңды тұлға;

2.1.11. Франшиза - Сақтандырушыны белгіленген көлемнен аспайтын залалды өтеуден босату.

3-бөлім. Сақтандыру объектісі

3.1. Аудиторлықұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру объектісі аудит өткізу барысында аудиттелетін субъектілердің мүліктік мүдделеріне келтірілген залалды өтеумен байланысты Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасымен белгіленген міндетіне қатысты аудиторлықұйымдардың мүліктік мүддесі болып табылады.

4-бөлім. Сақтандыру оқиғасы

4.1. Шарт бойынша сақтандыру оқиғасы ретінде Сақтанушының аудит өткізу барысында аудиттелетін субъектілердің мүліктік мүдделеріне келтірілген залалды өтеу бойынша азаматтық-құқықтық жауапкершілігінің орын алу дерегі танылады.

4.2. Сақтандыру оқиғасы Сақтанушы келтірген залалды өтеу туралы сот шешімі күшіне енген немесе Сақтанушы аудиттелетін субъектілердің залалды өтеу туралы талабын негізді деп танып, Сақтандырушы Сақтанушының талаптарды мойындауымен келіскен күннен бастап орын алған болып есептеледі.

5-бөлім. Сақтандыру шартын жасасу тәртібі

5.1. Аудиторлықұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру осы Ережеге және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Сақтанушы мен Сақтандырушы арасында аудит өткізу барысында мүліктік мүдделеріне залал келтірілуі мүмкін аудиттелетін субъектінің пайдасына жасалатын Шарт негізінде жүзеге асырылады.

5.2. Сақтанушы аудит өткізген кезде аудиттелетін субъектілерге залал келтіруі салдарынан пайда болған жағдайлар бойынша моральдық шығын, айрылған пайда және айыпақы төлеуден басқа сақтандыру төлемін жүзеге асыруы Шартта көзделеді.

5.3. Шарт тек міндетті сақтандырудың осы түрі бойынша қызметпен айналысу құқығына лицензиясы бар Сақтандырушымен ғана жасалуы тиіс. Осындай Шартты жасасу аталған Сақтандырушы үшін міндетті болып табылады.

5.4. Сақтанушының өтініш-сауалнамасы шарт жасасу үшін негіз болып табылады. Өтініш мазмұнына қойылатын талаптар және өтініште көрсетілген мәліметтерді растайтын құжаттар көшірмелерінің тізбесі уәкілетті мемлекеттік органның нормативтік құқықтық актілерімен белгіленеді. Шартта көрсетілуі тиіс талаптардың толық болмауы үшін жауапкершілікті Сақтандырушы атқарады. Шарттың жекелеген талаптарының толық болмауы салдарынан дау пайда болған жағдайда, дау Сақтанушының пайдасына шешіледі.

5.5. Аудиторлықұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты Сақтандырушының электрондық нысанда сақтандыру полисін ресімдеуі арқылы жасалады.

5.6. Сақтандыру полисінің мазмұны және оны ресімдеу бойынша талаптар Қазақстан Республикасының сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заңнамасымен белгіленеді.

5.7. Шарттың жазбаша нысанын орындамау оның жарамсыздығына алып келеді.

5.8. Аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында көрсетілуі тиіс талаптардың толық болмауы үшін жауапкершілікті сақтандырушы атқарады. Аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты бойынша оның жекелеген талаптарының толық болмауы салдарынан дау пайда болған жағдайда, дау сақтанушының пайдасына шешіледі.

5.9. Аудиторлықұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты сақтанушының қалауы бойынша сақтандырушыға жазбаша түрде жүгіну арқылы немесе сақтандырушының интернет-ресурсын пайдалана отырып, сақтанушы мен сақтандырушының арасында электрондық нысандағы ақпаратпен алмасу арқылы жасалуы мүмкін.

5.10. Аудиторлықұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасау үшін өтінім электрондық нысанда берілген кезде, сақтанушыдан мамандандырылған бағдарламалық жасақтаманы пайдалану талап етілмейді.

«Сентрас Иншуранс» СК» АҚ	СЕ-12 Аудиторлық ұйымдардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру ережелері	2019ж.«01» қаңтардағы № 3 Басылым	10 беттің 5- беті
		2018ж.«14» шілдедегі №2 Басылымның орнына	

5.11. Егер Сақтандырушы Заңда көзделгенмен салыстырғанда, Сақтанушының немесе аудиттелетін субъектінің жағдайын нашарлататын талаптарда шарт жасаса, онда сақтандыру оқиғасыорын алған кезде Сақтандырушы Сақтанушы мен аудиттелетін субъект алдында осы Ережеде белгіленген талаптарға сәйкес міндет атқарады.

6-бөлім. Сақтандыру сомасы. Франшиза

6.1. Сақтандыру сомасының көлеміШарттағы тараптардың келісімі бойынша белгіленеді, дегенменсақтандыру сомасыныңкөлемі Шарт жасалған күнге қарай тиісті қаржылық жылға арналған республикалық бюджет туралы заңмен белгіленген 10 000-еселік айлық есептік көрсеткіштен кем болмауы тиіс.

6.2. Әрбір сақтандыру оқиғасы бойынша франшизаның көлемітараптардың келісімі бойынша белгіленеді, дегенменфраншизаның көлемі Шартта белгіленген сақтандыру сомасынан **5 (Бес) пайызданаспауы** тиіс.

6.3. Келтірілген залал көлемі белгіленген франшиза көлемінен асатын жағдайларда, сақтандыру төлемі толық көлемде орындалады.

7-бөлім. Сақтандыру сыйақысы

7.1. Сақтандыру сыйақысының көлеміШарттағы тараптардың келісімі бойынша белгіленеді, дегенменсақтандыру сыйақысыныңкөлемі Шартта белгіленген сақтандыру сомасынан 4,5 пайыздан аспауы тиіс.

7.2. Шарт бойынша сақтандыру сыйақысын төлеу тәртібі мен мерзімдері тараптардың келісімі бойынша белгіленеді.

7.3. Егер Шартта басқаша көзделмесе, ондакезекті сақтандыру жарнасын дер кезінде төлемегені үшін Сақтанушы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексімен белгіленген тәртіп пен көлемде Сақтандырушыға өзгенің ақшасын заңсыз пайдалану ретіндеайыпақы төлеуге міндетті.

7.4. Сақтандырушы өзінің интернет-ресурсы арқылы сақтандыру сыйақысын қолма-қол ақшасыз тәсілмен төлеу мүмкіндігін ұсынады.

8-бөлім. Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі мен орны

8.1. Егер Шартта басқаша көзделмесе, онда олСақтанушы сақтандыру сыйақысын төлеген сәттен бастап, ал егер сақтандыру сыйақысы бөліп төленетін болса - алғашқы сақтандыру жарнасы төленгеннен кейін күшіне енеді және талаптар үшін міндетті болып саналады.

8.2. Шарт күшіне енген күннен бастап **12 (Он екі) айға жасалады.**

8.3. Сақтандыру қорғанысының қолданылу мерзімі Шарттың қолданылу мерзіміне сәйкес.

8.4. Егер Шартта өзгеше көзделмесе, Шарттың қолданылуы Қазақстан Республикасының аумағымен шектеледі.

9-бөлім. Сақтандыру шартын тоқтату талаптары

9.1.Шарт келесі жағдайларда тоқтатылды деп есептеледі:

9.1.1. Шарттың қолданылу мерзімі аяқталғанда;

9.1.2. Шартты мерзімінен бұрын тоқтатқанда;

9.1.3. Сақтандырушының сақтандыру төлемін (сақтандыру төлемдерін) Шарттың талаптарымен белгіленген сақтандыру сомасы көлемінде жүзеге асыруы.

9.2. Шарт Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде белгіленген жағдайларда мерзімінен бұрын тоқтатылады.

9.3. Егер Шарттың мерзімінен бұрын тоқтатылуы Сақтандырушының кінәсінен оның талаптарының орындалмауымен тудырылған болса, Сақтандырушы Сақтанушыға оның төлеген сақтандыру сыйақысын немесе сақтандыру жарналарын толығымен қайтарып беруге міндетті. Шарт мерзімінен бұрын тоқтатылатын өзге жағдайларда Сақтандырушы сақтандыру сыйақысының сақтандыру шарты қолданылған мерзімге пропорционал бөлігіне құқылы болады.

«Сентрас Иншуранс» СК» АҚ	СЕ-12 Аудиторлық ұйымдардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру ережелері	2019ж.«01» қаңтардағы № 3 Басылым	10 беттің 6- беті
		2018ж.«14» шілдедегі №2 Басылымның орнына	

10-бөлім. Сақтандыру шартының жарамсыздығы

10.1 Шартты жарамсыз деп танудың талаптары, негіздері мен салдары Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес белгіленеді.

11-бөлім. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

11.1.Сақтанушы құқылы:

11.1.1. Сақтандырушыдан аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартының талаптарын, өзінің шарт бойынша құқықтары мен міндеттерін түсіндіруді талап етуге;

11.1.2. сақтандыру төлемін осы Ережеде көзделген тәртіп пен талаптарға сәйкес алуға.

11.1.3. осы Ереженің 18-бөлімінде көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, Сақтандырушыға не сақтандыру омбудсманына немесе аудиторлықұйымдардыңжауапкершілігін міндетті сақтандыру шартынан туындайтын мәселелерді реттеу үшін сотқа жүгінуге.

11.1.4. өтінішті және қоса берілген құжаттарды сақтандыру омбудсманына (тікелей сақтандыру омбудсманына, оның ішінде оның интернет-ресурсы арқылы не сақтандырушы, оның ішінде оның филиалы, өкілдігі арқылы) жіберуге.

11.2. Сақтанушы міндетті:

11.2.1. Шартта белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде сақтандыру сыйақыларын төлеуге;

11.2.2. Шарт жасасу барысындаосы Ережеге сәйкес Шартқа енгізу үшін қажетті, өтінімде көрсетілген мәліметтерді растайтын құжаттарды ұсынуға;

11.2.3. аудит өткізу нәтижесінде келтірілген залалды өтеу туралы талап қойылғанын немесе талап-арыз жазылғанын білген бойда дереу, бірақ **5 (Бес) жұмыс күнінен кешіктірмей**,бұл туралы Сақтандырушыға қолжетімді тәсілмен (ауызша, жазбаша) хабарлауға;

11.2.4. орын алуы салдарынан Сақтанушының келтірген залалды өтеу міндетін тудыратын оқиғаның себебі, барысы мен салдары, сондай-ақ келтірілген залалдың сипаты мен көлемі туралы пайымдауға мүмкіндік беретін қолда бар бүкіл ақпарат пен құжаттарды Сақтандырушыға ұсынуға;

11.2.5. Сақтандырушыға аудиттелетін субъектінің залалды өтеу туралы талабымен байланысты мәселелерді реттеуге қатысуға мүмкіндік беруге;

11.2.6. Сақтандыру оқиғасынан залалдың алдын алуға немесе азайтуға шара қолдануға;

11.2.7. сақтандыру оқиғасының орын алуына жауапты тұлғаға кері талап қою құқығының Сақтандырушыға өтуін қамтамасыз етуге.

11.3. Сақтандырушы құқылы:

11.3.1. Шарт жасасу барысындаСақтанушыдан Шарт жасасу үшін қажетті мәліметтерді, оның ішінде алдыңғы шарттар, сақтандыру оқиғалары және сақтандыру төлемдері туралы ақпаратты ұсынуды талап етуге;

11.3.2. Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте тиісті мемлекеттік органдар мен ұйымдардан, олардың құзыретіне қарай, сақтандыру оқиғасының орын алу дерегімен және сақтандыру оқиғасының орын алуы нәтижесінде келтірілген залал көлемін анықтаумен байланысты құжаттар мен мәліметтерді сұратуға;

11.3.3. аудиттелетін субъектілердің Сақтанушының оларға аудит өткізуімен байланысты міндеттерін орындауы нәтижесінде келтірілген залалды өтеу туралыталабымен байланысты мәселелерді реттеу барысына қатысуға;

11.3.4. осы Ереженің 16-бөлімінде көзделген жағдайларда залал келтіргені үшін жауапты тұлғаға кері талап қою құқығын ұсынуға;

11.3.5. осы Ереженің 15-бөлімінде көзделген негіздер бойынша, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес сақтандыру төлемін толық немесе ішінара жүзеге асырудан бас тартуға.

11.4. Сақтандырушы міндетті:

11.4.1. Сақтанушыны аудиторлықұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру талаптарымен таныстыруға,оның Шарттан туындайтын құқықтары мен міндеттерін түсіндіріп беруге;

«Сентрас Иншуранс» СК» АҚ	СЕ-12 Аудиторлық ұйымдардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру ережелері	2019ж.«01» қаңтардағы № 3 Басылым	10 беттің 7- беті
		2018ж.«14» шілдедегі №2 Басылымның орнына	

11.4.2. Шарт Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасымен белгіленген жағдайлар мен тәртіпте мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда, Сақтанушыға сақтандыру сыйақысын толығымен немесе ішінара қайтарып беруге;

11.4.3. сақтандыру оқиғасының орын алудерегін және Сақтандырушы өтеуге тиіс залалдың мөлшерін растайтын құжаттар жеткіліксіз болған кезде, оларды алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жетіспейтін және (немесе) дұрыс ресімделмеген құжаттардың толық тізбесін көрсете отырып, өтініш берушіге бұл туралы хабарлауға міндетті;

11.4.4. сақтандыру оқиғасы орын алған кезде осы Ережеде белгіленген тәртіппен мерзімде сақтандыру төлемін жүргізу;

11.4.5. Сақтанушыға сақтандыру оқиғасы кезінде залалдың алдын алу немесе оны азайту мақсатында жұмсаған шығындарын өтеу;

11.4.6. сақтандыру құпиясын қамтамасыз ету.

11.4.7. Сақтанушыдан (Пайда алушыдан) өтініш алған кезде Сақтанушының (Пайда алушының) талаптарын қарау және дауды реттеудің одан әрі тәртібін көрсете отырып, бес жұмыс күні ішінде жазбаша жауап беру;

11.4.8. Сақтанушыдан (Пайда алушыдан) сақтандыру омбудсманына жіберілетін өтінішті алған кезде осы өтінішті, сондай-ақ оған қоса берілетін құжаттарды сақтандыру омбудсманына алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қайта жіберу.

11.4.9. Сақтандырушының интернет-ресурсын пайдалана отырып, аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасу кезінде сақтандырушы қамтамасыз етуге міндетті:

11.4.9.1. аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасу немесе оны жасасудан бас тарту туралы хабарламаны (бас тарту себептерін көрсете отырып) электрондық хабарлама түрінде сақтанушыға дереу жіберу;

11.4.9.2. сақтанушының деректер базасын қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйымның ақпараттық жүйесі арқылы аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты бойынша ақпаратты тексеру мүмкіндігі;

11.4.9.3. Сақтанушы үшін Сақтандырушының интернет-ресурсына тәулік бойы қол жеткізуді қамтамасыз ете отырып, аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын электрондық нысанда сақтау;

11.4.9.4. Сақтанушыға (Пайда алушыға) келелесілерге қажетті ақпаратты электрондық нысанда (өтініштер, хабарламалар және (немесе) өзге де құжаттар, мәліметтер) жасау және жіберу мүмкіндігі;

11.4.9.4.1. аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартының мәліметтерін өзгерту, қайта ресімдеу;

11.4.9.4.2. аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтату;

11.4.9.4.3. сақтандыру оқиғасының орын алғаны туралы хабарлама;

11.4.9.4.4. келтірілген залалдың мөлшеріне бағалау жүргізу;

11.4.9.4.5. сақтандыру төлемін алу.

11.4.10. Аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты сақтандырушының интернет-ресурсын пайдалана отырып жасалған жағдайда, егер аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында басқаша көзделмесе, Сақтанушы сақтандыру сыйақысын (сақтандыру сыйақысын бөліп төлеген жағдайда бірінші сақтандыру жарнасын) төлеген күннен бастап Сақтанушының осы сақтандыру шарты Сақтандырушы ұсынған талаптарда жасалған болып есептеледі.

11.4.11. Аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты сақтандырушының интернет-ресурсын пайдалана отырып жасалған жағдайда, Сақтанушы осы Заңмен көзделген сақтандыру талаптарымен танысқаннан кейін, сақтандыру сыйақысын (сақтандыру сыйақысын бөліп төлеген жағдайда бірінші сақтандыру жарнасын) төлейді, сол арқылы осы қосылу шартын ұсынылған талаптарда жасауға келісім беретінін растайды.

«Сентрас Иншуранс» СК» АҚ	СЕ-12 Аудиторлық ұйымдардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру ережелері	2019ж.«01» қаңтардағы № 3 Басылым	10 беттің 8- беті
		2018ж.«14» шілдедегі №2 Басылымның орнына	

12-бөлім. Сақтандыру оқиғасының орын алғанын және залалдың мөлшерін растайтын құжаттардың тізбесі

12.1. Сақтандырушыға сақтандыру төлемі туралы талап Сақтанушымен немесе аудиттелетін субъектімен сақтандыру төлемін жүзеге асыруға қажетті құжаттарды көрсете отырып жазбаша нысанда ұсынылады.

12.1.1. Өтініш берушінің қалауы бойынша сақтандыру төлемі туралы талап электрондық көшірмелер немесе электрондық құжаттар түрінде сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттарды қоса бере отырып, электрондық нысанда жіберілуі мүмкін. Бұл ретте, электрондық нысандағы сақтандыру төлемі туралы талап өтініш берушіні Сақтандырушыға оның тұрғылықты жері бойынша құжаттардың түпнұсқасын ұсынудан босатпайды.

12.2. Сақтандыру төлемі туралы өтінішке мынадай құжаттар қоса беріледі:

12.2.1. аудиттелетін субъектінің залалды өтеу туралы талабы, келтірілген залалды және оның көлемін растайтын құжаттармен, немесе Сақтанушының аудит өткізу барысында келтірілген залалды өтеу туралы заңды күшіне енген сот шешімімен қоса;

12.2.2. заңды тұлғаның өкіліне берілген сенімхат;

12.2.3. Сақтанушы мен аудиттелетін субъектінің арасында жасалған аудит өткізу шартының нотариалды куәландырылған көшірмесі;

12.2.4. залалдың алдын алу немесе көлемін азайту бойынша шара қолданумен байланысты шығындарды растайтын құжаттар (болған жағдайда);

12.2.5. аудиттелетін субъектінің келісімімен аудиторлық есептің көшірмесі.

12.3. «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларды қоспағанда, Сақтандырушының Сақтанушыдан (Сақтандырылушыдан) не Зардап шегушіден басқа да құжаттарды қосымша талап етуіне жол берілмейді.

12.4. Құжаттарды қабылдаған Сақтандырушы ұсынылған құжаттардың толық тізбесін және қабылданған күнін көрсете отырып, өтініш берушіге анықтама беруге міндетті.

12.5. Сақтанушы (Пайда алушы) сақтандыру төлемі туралы өтінішті электрондық тәсілмен жіберген жағдайда Сақтандырушы оған осы анықтаманы электрондық нысанда ұсына алады.

13-бөлім. Сақтандыру төлемін жүзеге асырудың тәртібі мен шарттары.

13.1. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру барысында Сақтандырушы Пайда алушыдан оның Сақтандырушыға талап қою құқығын шектейтін шарттарды қабылдауын талап етуге құқығы жоқ.

13.2. Сақтанушының аудит өткізуі барысында залал келтірілген Аудиттелетін субъект, ал аудиттелетін субъектіқайта ұйымдастырылған жағдайда –оның құқықтық мирасқорыПайда алушы болып табылады.

13.3. Пайда алушы ретінде сондай-ақ Сақтанушы немесеаудиттелетін субъектіге(құқықтық мирасқорларға) келтірілген залалды осы Ережеде көзделген Сақтандырушының жауапкершілік көлемінің шегінде өтеген және Сақтандырушыдан өз шығындарын өтету құқығын алған басқа тұлға болуы мүмкін.

13.4. Шарттың қолданылу мерзімі ішінде келтірілген залал үшін сақтандыру төлемін жасау туралы талап Сақтандырушыға сақтандыру оқиғасы орын алған сәттен бастап 3 (Үш) жыларалығында қойылуы мүмкін.

13.5. Сақтандыру төлемі уақтылы төленбеген жағдайда, Сақтандырушы Пайда алушыға Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексімен белгіленген тәртіп пен көлемде айыпақы төлеуге міндетті.

13.6. Сақтандыру төлемінің көлемін Сақтандырушы осы Ереженің 5-бөлімінің 5.2-тарауының ережелерін ескере отырып, аудиттелетін субъектініңқойған талаптарының сомасы немесе келтірілген залалды өтеу туралы заңды күшіне енген сот шешімі негізінде анықтайды.

13.7. Сақтанушының залалдың алдын алу немесе азайту мақсатында көрген шығындарын Сақтандырушы өтеуі тиіс, егер бұл шығындар Сақтандырушының нұсқауын орындау үшін қажет немесе жұмсалған болса, тіпті тиісті шаралар тиімсіз болған жағдайда да.

«Сентрас Иншуранс» СК» АҚ	СЕ-12 Аудиторлық ұйымдардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру ережелері	2019ж.«01» қаңтардағы № 3 Басылым	10 беттің 9- беті
		2018ж.«14» шілдедегі №2 Басылымның орнына	

13.8. Мұндай шығындар нақты көлемде өтеледі, бұл жағдайда сақтандыру сомасының және шығын өтемінің жалпы сомасы Шартпен белгіленген сақтандыру сомасынан аспауы тиіс. Егер шығындар Сақтанушы Сақтандырушының нұсқауларын орындауы нәтижесінде пайда болса, олар сақтандыру сомасынан бөлек толық көлемде өтеледі.

14-бөлім. Сақтандыру төлемін төлеу немесе сақтандыру төлемінен бас тарту туралы шешім қабылдау мерзімі

14.1. Сақтандырушы сақтандыру төлемін осы Ереженің 12-бөлімінің 12.2-тармағында көзделген құжаттарды алған күннен бастап **7 (Жеті) жұмыс күнінен** кешіктірмей жасайды.

14.2. Сақтандыру төлемінің көлемі Шарттың тараптарымен немесе Пайда алушымен дауланатын жағдайда, Сақтандырушы осы бөлімнің 14.1-тарауымен белгіленген мерзім ішінде сақтандыру төлемін көрсетілген тұлғалардың ешбірімен дауланбаған бөлігінде жүзеге асыруға міндетті.

14.3. Сақтандыру төлемінің дауланған бөлігін Сақтандырушы бітімгерлік келісім жасалған және оның сотпен бекітілген күнінен бастап немесе осы дау бойынша сот шешімі оның дереу орындалуын ұйғармаса, шешім заңды күшіне енген күннен бастап **3 (Үш) жұмыс күні** ішінде төлеуі тиіс.

15-бөлім. Сақтандырушыны сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босату негіздері

15.1. Сақтандырушы сақтандыру оқиғасы төмендегідей жағдайлардың салдарынан болса, сақтандыру төлемінен толық немесе ішінара бас тартуға құқылы:

15.1.1. аудиттелетін субъектінің сақтандыру оқиғасының туындауына бағытталған не оның басталуына ықпал ететін қасақана іс-әрекеттері;

15.1.2. аудиттелетін субъектінің Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен сақтандыру оқиғасымен себептік байланыстағы қасақана қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылықтар деп танылған іс-әрекеттері.

15.2. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуына мыналар негіз бола алады:

15.2.1. Сақтанушының залал келтіруге кінәлі тұлғадан залалдың тиісті өтемін алуы;

15.2.2. осы Ережеде көзделген жағдайларды есептемегенде, сақтандыру оқиғасының орын алғандығы туралы Сақтандырушыға хабарламау немесе дер кезінде хабарламау;

15.2.3. Сақтанушының сақтандыру оқиғасының орын алу жағдайын тергеуде және келтірілген залал көлемін анықтауда Сақтандырушыға кедергі келтіруі;

15.2.4. аудиттелетін субъектінің Аудит өткізу шартында көзделген міндеттерді бұзуы;

15.2.5. Сақтанушының Қазақстан Республикасының Аудиторлық қызмет туралы заңнамасымен белгіленген аудиторлық ұйымның қызметі мен міндеттеріне сәйкес келмейтін қызметпен айналысуы;

15.2.6. аудиттелетін субъектінің Сақтанушыға аудит өткізу үшін қажетті құжаттар мен ақпаратты толық емес және (немесе) дәйексіз түрде ұсынуы.

15.3. Егер Сақтандырушы сақтандыру оқиғасының орын алғандығы туралы дер кезінде білгендігі дәлелденбесе немесе Сақтандырушыда бұл туралы мәліметтің болмауы оның сақтандыру төлемін жасау міндетіне әсер етпейтін болса, Сақтандырушыға сақтандыру оқиғасының орын алуы туралы хабарламау немесе дер кезінде хабарламау оған сақтандыру төлемін жасаудан бас тартуға құқық береді.

15.4. Сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тарту үшін негіздер болған кезде Сақтандырушы өтінішті және осы Ереженің 11-бөлімінде көзделген барлық құжаттарды алған күннен бастап **7 (жеті) жұмыс күні** ішінде өтініш берушіге бас тарту себептерін дәлелді негіздей отырып, жазбаша нысанда сақтандыру төлемінен толық немесе ішінара бас тарту туралы тиісті шешімді жіберуге міндетті.

15.5. Сақтандырушының осы бөлімде көзделмеген негіздер бойынша сақтандыру төлемінен бас тартуға құқығы жоқ.

«Сентрас Иншуранс» СК» АҚ	СЕ-12 Аудиторлық ұйымдардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру ережелері	2019ж.«01» қаңтардағы № 3 Басылым	10 беттің 10- беті
		2018ж.«14» шілдедегі №2 Басылымның орнына	

16-бөлім.Залал келтірген адамға кері талап қою құқығы

16.1. Сақтандыру төлемін жүзеге асырған Сақтандырушының Сақтанушыға орындалған сақтандыру төлемінің шегінде қайта талап қою құқығы бар, егер:

16.1.1. Сақтанушының сақтандыру оқиғасының туындауына бағытталған немесе оның орын алуына септігін тигізетін қасақана іс-әрекеттері;

16.1.2. Сақтанушының Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен белгіленген тәртіпте сақтандыру оқиғасымен себепті байланыстағы қасақана қылмыстық немесе әкімшілік құқықтық бұзушылық ретінде танылған іс-әрекетті орындауы;

16.1.3. Сақтанушының сақтандыру оқиғасы кезінде залалды азайту бойынша шараларды қасақана қабылдамауы;

16.1.4. Сақтанушының Сақтандырушыға сақтандыру объектісі, сақтандыру тәуекелі, сақтандыру оқиғасы және оның салдары туралы біле тұра жалған мәлімет беруі;

16.1.5. Сақтанушының сақтандыру оқиғасының орын алғандығы үшін жауапты тұлғаға талап қою құқығынан бас тартуы, сондай-ақ талап қою құқығын аудару үшін қажетті құжаттарды Сақтандырушыға табыстаудан бас тартуы.

16.2. Сақтандыру төлемін жүзеге асырған Сақтандырушыға ол төлеген сома шегінде Сақтанушының сақтандыру нәтижесінде Сақтандырушы өтеген залалдар үшін жауапты тұлғаға кері талап ету құқығы ауысады.

17-бөлім. Дауларды шешу тәртібі

17.1. Шарттан туындайтын даулар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қаралады.

17.2. Қазақстан Республикасының Аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы заңнамасының бұзылуына кінәлі болған тұлғалар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапкершілік атқарады.

16-бөлім.Аудиторлық ұйымдардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру жөніндегі дауларды реттеудің ерекшеліктері

18.1. Аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартынан дау туындаған жағдайда, Сақтанушы (Пайда алушы) құқылы:

18.1.1. Сақтандырушыға (оның ішінде Сақтандырушының филиалы, өкілдігі, интернет - ресурстары арқылы) талаптарды көрсете отырып және оның талаптарын растайтын құжаттарды қоса бере отырып жазбаша өтініш жіберу, немесе

18.1.2. аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартынан туындайтын дауларды реттеу үшін сақтандыру омбудсманына (тікелей сақтандыру омбудсманына, соның ішінде оның интернет-ресурсы арқылы не Сақтандырушы арқылы, соның ішінде оның филиалы, өкілдігі) немесе сотқа өтініш жіберу.

18.2. Сақтандырушы Сақтанушыдан (Пайда алушыдан) өтініш алған кезде, оны бес жұмыс күні ішінде қарап, дауды одан әрі реттеу тәртібі көрсетілген жазбаша жауапты ұсынады.

18.3. Сақтанушы (Пайда алушы) сақтандыру омбудсманына жүгінген жағдайда Сақтандырушы Сақтанушының (Пайда алушының), сақтандыру омбудсманының сұрау салуы бойынша дауды қарауға және шешуге қатысты құжаттарды сұрау салуды алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде ұсынуға міндетті.

19-бөлім. Ақпараттық өзара әрекеттестік

19.1. Уәкілетті мемлекеттік орган, прокуратура органдары, сақтандыру оқиғасы мен оның салдарының орын алу дерегін растау үшін қажетті ақпаратты білетін өзге де мемлекеттік органдар мен ұйымдар бұл ақпаратты Сақтандырушыға, Сақтанушыға (Пайда алушыға), сақтандыру омбудсманына келген кезде ұсынуға міндетті.

20-бөлім. Ерекше талаптар

20.1. Тараптар өзара әрекеттесу нәтижесінде алынған құпия ақпаратты жарияламауы тиіс.

«Сентрас Иншуранс» СК» АҚ	СЕ-12 Аудиторлық ұйымдардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру ережелері	2019ж.«01» қаңтардағы № 3 Басылым	10 беттің 11- беті
		2018ж.«14» шілдедегі №2 Басылымның орнына	

Құрметті азаматтар! Біздің компаниямыздың қызметінде өзгерістер енгізіліп, жаңа ережелер қабылданды. Бұл өзгерістерді білдіретін құжаттар біздің сайтымызда және клиенттерімізге жіберілген. Құжаттарды оқып, өзгерістермен танысып, қажет болса, бізге хабарлаңыз.

Бұл құжаттарды оқып, өзгерістермен танысып, қажет болса, бізге хабарлаңыз.

Бұл құжаттарды оқып, өзгерістермен танысып, қажет болса, бізге хабарлаңыз.



Специалист I категории ОМ
Джумагулов Т.Э.

11-листа (ов) 26. 14.8.2018 г.